

**Заманбеков Н.А.**, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0002-6019-7947>

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, Алматы қ., Абай даңғылы 8, 050010, Қазақстан, [zamanbekov.nurtleu@mail.ru](mailto:zamanbekov.nurtleu@mail.ru)

**Әбирбекқызы Ж.**, ветеринария ғылымдарының магистрі, 3-ші оқу жылының PhD докторанты, <https://orcid.org/0009-0002-2000-2903>

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, Алматы қ., Абай даңғылы 8, 050010, Қазақстан, [Jarykjuldyz@mail.ru](mailto:Jarykjuldyz@mail.ru)

**Собиех П.Х.**, PhD, профессор, <https://orcid.org/0000-0001-9595-5907>

Варминск-Мазурск университеті, Оксаповский к-сі 14, 10-759, Ольштын, Польша, [prem33@wp.pl](mailto:prem33@wp.pl)

**Кобдикова Н.К.**, ветеринария ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, <https://orcid.org/0000-0002-6932-9272>

НАО «Қазақский национальный аграрный университет», г.Алматы, проспект Абая 8, 050010, Қазақстан, [nurzilya54@mail.ru](mailto:nurzilya54@mail.ru)

**Туржигитова Ш.Б.**, PhD, қауымдастырылған профессор, <https://orcid.org/0000-0001-8538-5488>

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, Алматы қ., Абай даңғылы 8, 050010, Қазақстан, [turzigitova@mail.ru](mailto:turzigitova@mail.ru)

**Нусупова С.Т.**, ветеринария ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, <https://orcid.org/0000-0002-3706-7802>

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, Алматы қ., Абай даңғылы 8, 050010, Қазақстан, [saltanu@mail.ru](mailto:saltanu@mail.ru)

**Жылыгелдиева А.А.**, PhD, қауымдастырылған профессор, <https://orcid.org/0000-0003-4617-2353>

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, Алматы қ., Абай даңғылы 8, 050010, Қазақстан, [asel\\_issik@mail.ru](mailto:asel_issik@mail.ru)

**Мыржиева А.Б.**, PhD, аға оқытушы, <https://orcid.org/0000-0001-9593-7100>

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, Алматы қ., Абай даңғылы 8, 050010, Қазақстан, [myrzhiyeva@mail.ru](mailto:myrzhiyeva@mail.ru)

**Zamanbekov N.A.**, Doctor of Veterinary Sciences, Professor, **the main author**, <https://orcid.org/0000-0002-6019-7947>

«Kazakh National Agrarian Research University» NJSC, Almaty, Abay Avenue 8, [zamanbekov.nurtleu@mail.ru](mailto:zamanbekov.nurtleu@mail.ru)

**Abirbekkizi Zh.**, master of Veterinary Sciences, PhD student of the 3-nd academic year, <https://orcid.org/0009-0002-2000-2903>

NJSC «Kazakh National Agrarian Research University», Almaty, Abay Avenue 8, 050010, Kazakhstan, [Jarykjuldyz@mail.ru](mailto:Jarykjuldyz@mail.ru)

**Przemyslaw Sobiech**, PhD, professor, <https://orcid.org/0000-0001-9595-5907>

University of Warmia Mazury, Oczapowskiego 14, 10-759, Olsztyn, Poland, [prem33@wp.pl](mailto:prem33@wp.pl)

**Kobdikova N.K.**, candidate of veterinary sciences, Associate professor, <https://orcid.org/0000-0002-6932-9272>

NJSC «Kazakh National Agrarian Research University», Almaty, Abay Avenue 8, 050010, Kazakhstan, [nurzilya54@mail.ru](mailto:nurzilya54@mail.ru)

**Turzhigitova Sh.B.**, PhD, Associate professor, <https://orcid.org/0000-0001-8538-5488>

NJSC «Kazakh National Agrarian Research University», Almaty, Abay Avenue 8, 050010, Kazakhstan, [turzigitova@mail.ru](mailto:turzigitova@mail.ru)

**Nussupova S.T.**, Candidate of Veterinary Sciences, Associate professor, <https://orcid.org/0000-0002-3706-7802>

NJSC «Kazakh National Agrarian Research University», Almaty, Abay Avenue 8, 050010, Kazakhstan, [saltanu@mail.ru](mailto:saltanu@mail.ru)

**Zhylgeldiyeva A.A.**, PhD, Associate professor, <https://orcid.org/0000-0003-4617-2353>

NJSC «Kazakh National Agrarian Research University», Almaty, Abay Avenue 8, 050010, Kazakhstan, [asel\\_issik@mail.ru](mailto:asel_issik@mail.ru)

**Myrzhiyeva A.B.**, PhD, **Senior lecturer**, <https://orcid.org/0000-0001-9593-7100>

**БҰЗАУЛАРДЫҢ ДИСПЕПСИЯСЫНА ҚАРСЫ ЖЕРГІЛІКТІ ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕР ШИКІЗАТЫНАН ДАЙЫНДАЛҒАН ПРЕПАРАТТАРДЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ЕМДІК-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ**  
**TO STUDY THE COMPARATIVE THERAPEUTIC AND PROPHYLACTIC EFFECTIVENESS OF DRUGS MADE FROM LOCAL MEDICINAL PLANT RAW MATERIALS FOR DYSPEPSIA IN CALVES**

**Аннотация**

Диспепсия әртүрлі факторлардың әсерінен пайда болатын ауру. Жаңа туылған бұзаулардың диспепсиясы шаруашылықтарға айтарлықтай шығын әкелетіндігі белгілі. Жаңа туылған төлдер өлімінің жоғары болуы, аурушандылық көрсеткішінің өсуі, өсіп-өну деңгейінің төмендеуі өз кезегінде ветеринариялық іс-шараларға жұмсалатын шығындарды арттырып және сүтті мал шаруашылығының рентабельділігін төмендетеді. Өкінішке орай, ветеринарлық тәжірибеде қолданылатын жас жануарлардың диспепсиясын емдеудің дәстүрлі әдістері әрдайым қажетті деңгейде емдік әсер ете бермейді.

Көптеген бактерияларға қарсы қолданылатын препараттар микроорганизмдердің патогендік штамдарына төзімділікт танытады немесе жас жануарлардың ағзасына жанама әсер етеді. Осыған байланысты қазіргі уақытта бүкіл әлемде өсімдік тектес препараттарды қолдануға көбірек көңіл бөлінуде. Сондықтан бұл жұмыстың негізгі мақсаты бұзаулардың диспепсиясын емдеу және алдын алу үшін фитопрепараттарды қолдану болып табылды.

Алынған зерттеулердің нәтижелері дайындалған фитопрепараттардың жоғары емдік-профилактикалық тиімділігін көрсетеді. Кешенді өсімдік экстрактісін қолданудан бұзаулар диспепсиясына қарсы профилактикалық тиімділігі мен сақталуы 100% құраса, ал салыстырмалы бақылау тобында - тек 65% ғана болды. Сондай-ақ, кешенді өсімдік экстрактісін қолданудан жоғары емдік тиімділік алынды, мұнда тиімділік тәжірибе тобында 100% болса, ал салыстырмалы бақылау тобының көрсеткішінің небәрі 70%-ды ғана құрады.

Фитопрепараттар айқын емдік-профилактикалық әсерімен қатар өсіп келе жатқан жас жануарлардың ағзасына қуаттандырып әсер етеді, бұл тірі салмағының орташа тәуліктік және абсолютті өсуінің айтарлықтай өсуімен көрінеді. Кешенді экстрактіні қолдану бақылау тобына қатысты тірі салмақтың өсуін 21,4%–ға, ал абсолютті-37,2% -ға арттырады.

**ANNOTATION**

Dyspepsia is a disease that occurs under the influence of various factors. As is known, dyspepsia of newborn calves causes significant losses to farms. The high mortality rate of newborns, reduced growth and development in those who have been ill, their early rejection, and the cost of veterinary measures reduce the profitability of dairy cattle breeding.

Unfortunately, the traditional methods of treatment of dyspepsia of young animals used in veterinary practice do not always give the desired therapeutic effect. Many antibacterial drugs exhibit resistance to pathogenic strains of microorganisms or have side effects on the body of young animals. In this regard, currently, more and more attention is being paid to the use of herbal preparations all over the world. Therefore, the main purpose of this work was the use of phytopreparations for the treatment and prevention of dyspepsia in calves.

The obtained research results indicate the high therapeutic and preventive effectiveness of the manufactured phytopreparations. The preventive effectiveness and safety of calves from the use of a complex plant extract was 100%, whereas in the similar control group it was only 65%. High therapeutic efficacy was also obtained from the use of a complex plant extract, where the effectiveness was 100% versus 70% of the control group.

Phytopreparations, along with a pronounced therapeutic and prophylactic effect, also have a stimulating effect on the body of growing young animals, as evidenced by a significant increase in the average daily and absolute body weight gain. The use of a complex extract increases the increase in body weight relative to the control group by 21.4%, and in absolute terms – by 37.2%.

**Түйін сөздер:** диспепсия, дәрілік өсімдік, фитопрепарат, тұнба, экстракт, профилактика, абсолюттік салмақ, тәуліктік салмақ.

**Key words:** dyspepsia, medicinal plant, herbal medicine, infusion, extract, prevention, absolute weight, daily weight.

**Кіріспе.** Дені сау жас жануарларды өсіру, оны аурудан және өлім-жітімнен сақтау - қазіргі мал шаруашылығындағы басты міндеттердің бірі болып табылады. Бұл мәселенің қиындығы жаңа туылған жас жануарлардың ағзасы алғашқы күндерде морфофункционалды ерекшеліктерге байланысты қоршаған ортаның қолайсыз факторларына нашар бейімделеді, сондықтан осы кезеңде туындайтын аурулар, олардың ағымы, күресу шаралары өзіндік ерекшеліктерге ие болады [1-3].

Диспепсия жаңа туылған төлдердің аурулары арасында ең көп таралған ауру болып табылады. Ол жаңа туылған бұзаулардың 50-100%-да алғашқы тәуліктің соңында-ақ пайда болуы мүмкін, ал оның ішінде өлім-жітім 2-5 кейде 7-10 тәулік ішінде 30-50% - ға дейін жетуі ықтимал. Бұл өз кезегінде өсіп-өну функциясының төмендеуінен және емдеу-профилактикалық іс-шараларға кететін шығындар есебінен үлкен экономикалық зиян келтіреді [4-6]. Бұл мәселені зерттеуге арналған көптеген ғылыми жұмыстар жүргізілгенімен және ауруды емдеу үшін көптеген схемалар ұсынылғанымен, әлі күнге дейін жас төлдердің 100% сақталуына қол жеткізу мүмкін болмай тұр [7-10]. Сондықтан жаңа туылған бұзаулардағы диспепсияны диагностикалау мен емдеудің жаңа емдеу тәсілдерін әзірлеу қазіргі кезде перспективалы бағыттың бірі болып табылады [11, 12].

Аурудың негізгі бейімділік себептеріне аналық малды жеткіліксіз азықтандыру немесе сапасыз жемді пайдалану жатады, бұл ағзадағы метаболизмнің бұзылуына, сиырлардың да, олардан алынатын жас төлдердің де иммунологиялық реактивтілігінің төмендеуіне әкеледі [13]. Этиологиялық факторлардың әсер ету жиілігіне, ұзақтығына, зат алмасу процестерінің бұзылу тереңдігіне байланысты диспепсия қарапайым, уытты, алиментарлы, аутоиммунды болып ажырылады [14, 15, 16].

Патогенді бактерияларға қарсы антибактериалды препараттарын қолдана отырып, ауру бұзауларды емдеудің дәстүрлі әдістері әрдайым оң нәтиже ете бермейді, көбінесе облигатты микрофлораға және жаңа туған бұзаулардың иммундық жағдайына да теріс әсер етеді. Антибиотиктерді қолданудың ұтымсыз емдік тактикасы, сондай-ақ оларды негізсіз қолдану микроорганизмдердің патогендік штамдарының дәрілік заттарға төзімділігінің пайда болуына және өсуіне әкеледі. Антибиотиктерді мал шаруашылығында осылай қолдану нәтижесінде дәрілік заттардың тиімділігінің төмендеуіне әкелетін бактериялар пайда болуы мүмкін [17, 18].

Осыған байланысты соңғы уақыттарда антибиотиктерді жануарлардың денсаулығын қорғаудың балама, әрі экологиялық таза құралдарына ауыстыру қажеттілігі туындап отыр. Сондықтан практикалық ветеринарияда дәрі-дәрмектерді, сондай-ақ бұрын жасалған емдеу-профилактикалық шараларды жоққа шығармайтын, бірақ қолданыстағы емдеу әдістерін толықтыратын тиімді емдеу әдістерін енгізу міндеті тұр. Біздің ойымызша, емдік дәрілік өсімдіктерден жасалған препараттарды қолдану осындай талаптарға сәйкес келеді [19-22].

Дәрілік заттардың қазіргі арсеналында өсімдік тектес препараттар 30-40% құрайды, ал кейбір топтарда өсімдіктерден алынған препараттар 70%-ға дейін жетеді. Өсімдік тектес дәрі-дәрмектердің көп мөлшері седативті, тұтқыр, қақырық түсіретін, диуретикалық, қабынуға қарсы және басқа дәрілер ретінде қолданылады. Дәрілік өсімдіктердің көптеген синтетикалық препараттардан артықшылығы - олардың құрамындағы әртүрлі заттардың нәтижесінде жануардың ағзасына жан-жақты әсер етуі. Дәрілік өсімдіктердің қолданылатын бөліктерінде әрқашан фармакологиялық және биологиялық белсенді заттардың тұтас кешені болғандықтан, олардың арасында өсімдіктердің емдік құндылығын айқындайтын негізгі заттарды ажырату керек. Дәрілік өсімдіктерден алынатын препараттарды ұтымды пайдалану жануарлар ауруларын азайтуға, мал басын сақтауға, қымбат химиотерапевтік заттарды пайдалану шығынын азайтуға, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді жоғарылатуға айтарлықтай мүмкіндіктер береді [23-26].

Зерттеудің мақсаты. Бұзау диспепсиясын емдеу және алдын алу мақсатында дайындалған фитопрепараттардың салыстырмалы емдік-профилактикалық тиімділігін анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Бұзау диспепсиясын емдеу және алдын алу мақсатында біз дәрілік өсімдіктердің келесі түрлерінен дәрілік препараттар (тұнбалар мен экстрактілер) дайындадық: тікенекті шомырт жемістері (*Fructus Prunus spinosa*), қайыңның жапырақтары (*herba*

Betula), түймедақ гүлдері (Flores Chammomillae). Өсімдік шикізатынан препараттарды өндірудің технологиялық процестері ұсыныстарға сәйкес жүргізілді [27- 29].

Жабайы және мәдени түрде өсетін дәрілік өсімдіктер шикізатын дайындау кезінде жалпы қабылданған техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет. Мысалы, ластанған, шандалған, жәндіктер мен аурулардан зақымдалған, сондай-ақ қурап қалған, бозарған және табиғи түсін жоғалтқан өсімдіктерден препараттар дайындауға болмайды. Өсімдік шикізатын кептіру дәрілік шикізатты өңдеудің маңызды әдісі болып табылады. Кептіру процесі неғұрлым тез жүргізілсе, шикізаттың сапасы соғұрлым жоғары болады.

Су экстракциялары (тұнбалар) дәрілік өсімдік шикізатын сумен экстракциялау, сондай-ақ құрғақ немесе сұйық экстрактілерді есептелген су көлемінде еріту арқылы дайындалады. Тұнбаларды дайындау кезінде дәрілік өсімдік шикізатының стандарттылығын, оның ұсақталуын және морфологиялық тобын, шикізат массасы мен экстрагент көлемінің арақатынасын, қолданыстағы дәрілік заттар мен қосымша заттардың физика-химиялық қасиеттерін ескере отырып, экстракцияның оңтайлы шарттарымен қамтамасыз етіледі. Тұнба алу үшін қолданылатын дәрілік өсімдік шикізаты тиісті фармакопеялық талаптарына сәйкес келуі керек.

Экстрактілер-экстракция әдісімен өсімдіктерден алынатын компоненттің сығындысы. Мацерация немесе тұндыру әдісі пайдаланылды. Шикізат ұсақталып, экстрагентпен бірге жабық ыдысқа салынып, араластыра отырып, 15-20°C температурада жүргізіледі. Шамамен 7 тәуліктей тұндырылады. Сорғыш төгіліп, тұнба сығылады, экстрагентпен тағы бір рет жуып-шайылады, қайтадан сығылады және екі сорғыш біріктіріледі. Перколяция немесе ығыстыру әдісі (сүзу). Шикізат жабық ыдыста экстрагентпен 4 сағат бойы ылғандырылады, сонон кейін ісінген шикізат перколяторға салынады, тығыздап орналастырылады, шығатын кран (тетік) ашылады және экстрагент қосылады. Дәрілік өсімдік шикізатынан полисахаридтерді, ақуыздарды, аминқышқылдарын, ұсақ молекулалы қосылыстарды, таниндер мен тұтқыр заттарды, бірқатар дәрумендерді, флаванодтарды, сапониндерді және басқа да бірқатар органикалық қосылыстарды алуға қабілетті 70<sup>0</sup>-ды этил спиртін экстрагент ретінде пайдалануға болады.

Ғылыми-өндірістік тәжірибелер Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының асқазан-ішек аурулары бойынша стационарлық қолайсыз шаруа қожалықтары жағдайында жүргізілді, онда аурушандылық деңгейі 70-80%, ал өлім-жітім 18-22%-ды құрайды.


Профилактикалық тиімділік бұзаулардың постнатальді кезеңінде 100 бас сау бұзауға, ал емдік тиімділік диспепсиямен ауырған 100 бас бұзауға жүргізілді. Ғылыми тәжірибелер диспепсиямен ауыратын бұзаулардың 5 тобында жүргізілді, олар 1-4 тәжірибелік және 1 бақылау топтарына аналогтар принципі бойынша бөлінді. Фитопрепараттардың профилактикалық тиімділігін анықтау мақсатында тәжірибелік топтардың сау бұзауларына азықтандырудан 30 минут бұрын 7 тәулік бойы тәулігіне 3 рет 8,0 мл/кг тірі салмақ мөлшерінде дәрілік өсімдіктерден дайындалған тұнбалар мен экстрактілер ішкізілді.

Емдік тиімділігі диспепсиясымен ауыратын бұзауларға жүргізілді: тәжірибелік топтарға азықтандырудан 30 минут бұрын 5,0 мл/кг тірі салмақта сұйық өсімдік экстрактісі берілді, 7 тәулік ішінде тәулігіне 3 рет. Қолданар алдында экстрактілер 1:10 қатынасында 5% ерітінді алғанға дейін 37°C дейін қайнаған және салқындатылған сумен сұйылтылады. Бақылау тобының бұзаулары шаруашылықтарды қабылданған жалпы әдістер арқылы емделді.

Бұзау ағзасындағы су балансын сақтау және қалпына келтіру үшін аскорбин қышқылынан тұратын тұзды ерітінді - 2,0 г, магний сульфаты - 3,0 г, глюкозаның 5%-ды ерітіндісі-100 мл, 0,9%-ас тұзының изотониялық ерітіндісінің - 200 мл қолданылды. Бақылау тобындағы жануарларға тек ас тұзының тұзды ерітіндісі енгізілді. Клиникалық бақылау кезінде бұзаулардың физиологиялық қалпына келу уақыты, мәжбүрлі түрде сойылған және аурдан айыққан бұзаулардың саны ескерілді. Сондай-ақ тәжірибе жүргізу барысында бұзаулардың орташа тәуліктік және абсолюттік салмақ қосу көрсеткіштері анықталып отырылды.

**Зерттеу нәтижелері.** Дәрілік өсімдіктерден дайындалған тұнбалардың (сурет 1) және экстрактілердің (сурет 2) салыстырмалы профилактикалық тиімділігін анықтау мақсатында біз шаруашылық жағдайында ғылыми-өндірістік тәжірибелер қойдық. Тәжірибелердің нәтижелері дәрілік өсімдік шикізатынан дайындалған тұнбалар мен экстрактілердің салыстырмалы түрде өте жоғары профилактикалық тиімділігін көрсетеді. Дәрілік өсімдіктерден дайындалған тұнбалардың салыстырмалы профилактикалық тиімділігін анықтау бойынша зерттеу нәтижелері бойынша

профилактикторлық кезең ішінде 1-3-тәжірибелік топтарда жануарлардың жалпы санына (80 бас) шақтап есептегенде барлығы 8 бұзауда (10%) диспепсияның клиникалық белгілері байқалды, ал ауруға ұшырағандардың жалпы санынан 3 бұзау (3,75%) өлімге душар болды




Сурет 1 – Тұнбалардың бұзаулардың сақталу көрсеткішіне әсері және салыстырмалы тиімділігі, %

Сонымен қатар, 4-ші тәжірибелік тобында ауырған және өлген бұзаулар анықталмағанын атап өткен жөн. Бақылау тобындағы 20 бас бұзаудың 6 ауырып (30%), оның ішінде 4 бас бұзау (20%) өлімге душар болды.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер тікенекті шомырт жемістерінен (1-ші тәжірибелік топ) және түймедақ гүлдерінен (3-ші тәжірибелік топ) дайындалған тұнбаны қолданудан профилактикалық тиімділік пен сақталу көрсеткіші 85% құрағанын көрсетті. Абсолютті профилактикалық тиімділікке тұнбаны кешенді препарат түрінде қолдану арқылы қол жеткізілді (4-ші тәжірибелік топ), мұнда сақталу тиімділігі максималды мәнді (100%) құрады. Осы көрсеткіштерге қарама-қарсы, бұзаулардың бақылау тобында тиімділіктің төмен екендігі тіркелді, мұнда бұзаулардың сақталуы көрсеткіші 80%, ал профилактикалық тиімділігі тек 70%-ды құрады.

Осыған ұқсас схема бойынша бұзау диспепсиясының профилактикалық тиімділігін анықтау мақсатында дәрілік өсімдіктер экстрактілерін пайдалану бойынша тәжірибелер жүргізілді. Зерттеу жүргізу барысында алынған нәтижелер экстрактілердің профилактикалық тиімділігі тұнбаларды қолданудан қарағанда салыстырмалы түрде біршама жоғары болатындығын көрсетеді.

Сонымен, тәжірибелік топтарда профилактикторлық кезең ішінде жалпы санға қатысты небәрі 7 бас (8,75%) ауырып, оның ішінде 2 бұзау ғана (2,5%) өлімге ұшырады. Айта кету керек, кешенді экстракт қолданылған бұзаулардың 4-ші тобында ауырған және өлген жануарлар тіркелмеді. Ал салыстырмалы бақылау тобында 7 бас ауырып (35%), оның ішінде 4 бас (20%) өлімге ұшырады. 1 - ші және 2-ші тәжірибелік топтарда экстрактілерді қолданудың профилактикалық тиімділігі тиісінше 90%, 3-ші топта 85% болса, ал 4-ші тәжірибелік топта абсолютті көрсеткішті көрсетті (100%). 1 - ші және 4-ші топтардағы тәжірибенің соңына қарай бұзаулардың сақталуы көрсеткіші 100%, 2-ші және 3-ші топтарда 95%-ды болатындығы анықталды (сурет 2).



Сурет 2 – Экстрактілердің бұзаулардың сақталу көрсеткішіне әсері және салыстырмалы тиімділігі, %


Жүргізілген екі тәжірибеден айта кету керек, өсімдік тұнбалары мен экстракттері бұзаулардың диспепсиясы мен басқа да ас қорыту бұзылыстарының алдын алу мақсатында айқын профилактикалық әсерге ие бола алады деп тұжырымдауға негіз бола алады.

Дәрілік өсімдік шикізатынан дайындалған тұнбалар мен экстрактілердің профилактикалық тиімділігіне көз жеткізгеннен кейін, біздің зерттеулеріміздің келесі кезеңін диспепсияға шалдыққан бұзауларға қарсы емдік тиімділігін зерттеу болды.

Эксперименттік зерттеу жұмыстары диспепсияның клиникалық белгілері бар 100 бас бұзауларға жүргізілді. Ауру жануарлар 5 топқа бөлінді: 4 тәжірибелік және 1 бақылау. Тәжірибелік топтардың ауру бұзауларына азықтандырудан 20-30 минут бұрын тұнбалар мен өсімдік экстракттерінің оңтайлы дозалары берілді, сонымен қатар қосымша зерттеу әдістері бөлімінде сипатталған тұзды ерітінді берілді. Бақылау тобына тек тұзды қоспа қолданылды. Тәжірибелер жүргізу барысында клиникалық көрсеткіштер (Т0, тыныс алу қозғалысы мен жүрек соғу жиілігі) ескерілді, сондай-ақ ауру, сауығып кеткен және өлген бұзаулардың саны, аурудың қайталануы, бұзаулардың тірі салмағының орташа тәуліктік және абсолюттік өсу қарқындылығы ескерілді.

Алынған нәтижелер бұзаулардың барлық тәжірибелік топтарында қолданылған тұнбалардың айқын емдік әсерін көрсетеді. Тәжірибелерді жүргізу барысында алынған көрсеткіштер кешенді кешенді (IV-ші тәжірибелік топ) қолданудан ең жоғары емдік тиімділік болатындығын көрсетті, бұл топта диспепсиямен ауыратын бұзаулардың жалпы санынан 19 бас сауығып кетсе (95%), тек 1 бас бұзау өлімге шалдықты (5%), аурудың орташа ұзақтығы 3-4 тәулікті құрады, бір бұзауда аурудың қайталануы байқалды (сурет 3).

Кешенді препаратты қолдану бұзаулардың өсіп-дамуына да оңтайлы әсер етті, бұл бақылау тобына қатысты тірі салмақтың орташа тәуліктік өсуінің 17,5% - ға, ал 3 айда тірі салмақтың 34,5% - ға абсолютті өсуімен дәлелденді ( $x_p < 0,05$ ;  $x_{xp} < 0,01$ ;  $x_{xxx} < 0,001$ ). Бұзаулардың салыстырмалы бақылау тобында көрсеткіштер айтарлықтай төмен болды. Атап айтқанда, диспепсиямен ауыратын 20 бұзаудың тек 15 басы (75%) жазылса, оның ішінде бесеуі (25%) өлімге ұшырады, аурудың орташа ұзақтығы 6-7 тәулікті құрады, үш бас бұзауда аурудың қайталануы байқалды. Тәжірибелік топпен салыстырмалы түрде өсу-даму қарқындылығы айтарлықтай төмен болатындығы байқалды бұл олардың тірі массаның төмен болуымен дәлелденді.



Сурет 3 – Тұнбалардың бұзаулар диспепсиясына қарсы салыстырмалы емдік тиімділігі

Тікенекті шомырт жемістерінен, қайың жапырақтарынан, түймедақ гүлдерінен (1-3 тәжірибелік топтар) дайындалған тұнбалардың әсерінен де оң нәтижелер алынды, бұл топтарда емдеу тиімділігі 85-тен 90% - ға дейін, аурудың орташа ұзақтығы 4-5 тәулікті құрады. Демек, бұзау диспепсиясын емдеудің тиімді әдісі өсімдіктерден әрқайсысын жеке-жеке қолданғанға қарағанда оларды кешенді тұнба түрінде қолдану тиімді болып табылатындығын атап өткен жөн.

1-кестеде бұзаулардың диспепсиясын емдеуде дәрілік өсімдіктерден алынған экстрактілерді қолданудың емдік тиімділігін зерттеу анықтау үшін нәтижелері келтірілген.

Абсолютті емдік тиімділік (100%) кешенді өсімдік экстрактісін қолданған IV тәжірибелік топта анықталды. Бақылау тобымен салыстырғанда емдік әсер орташа есеппен 3 тәулік ерте қалыптасты. Сондай-ақ кешенді экстрактіні қолдану бұзаулардың ағзасына қуаттандырып әсер ететіндігі байқалды, бұл бақылау тобына қатысты тірі салмақтың өсудің 21,4% – ға, ал абсолютті өсім бойынша-37,2% - ға ( $x_p < 0,05$ ;  $x_{xp} < 0,01$ ;  $x_{xxx} < 0,001$ ) айтарлықтай өсуімен дәлелденеді.

Өсімдік экстрактілерін жеке-жеке қолданудан да жоғары емдік қасиеттерге қол жеткізуге болатындығы анықталды, алайда мұндай жағдайда олардың әсер ету тиімділігі бойынша кешенді экстрактіні қолданудан біршама төмен болады. I-III-тәжірибелік топтардағы емдік тиімділік 90- 95%-ға дейін, аурудың орташа ұзақтығы 4-4,5 тәулікті құрады, 3 бұзауда аурудың қайталануы тіркелді, бақылау тобына қатысты тірі салмақтың орташа тәуліктік өсімі 5,9 – 7,5% - ға, ал тірі салмақтың абсолютті өсімі бойынша-19,1% - ға артық болды-21,5% ( $p < 0,05$ ;  $xxp < 0,01$ ;  $xxxxp < 0,001$ ).

Кесте 1 – Дәрілік өсімдіктерден дайындалған экстрактілердің бұзау диспепсиясына қарсы салыстырмалы емдік тиімділігі (n = 100)

Көрсеткіштер	Ауырған бұзаулар топтары				
	I (тікенекті шомырт тұнбасы)	II (қайың жапырағы тұнбасы)	III (түймедақ гүлінің тұнбасы)	IV (кешенді препарат)	Бақылау тобы
Жануарлар саны, бас	20	20	20	20	20
Аурудан айыққаны, бас	19	18	18	20	14
Өлімге ұшырағаны, бас	1	2	2	-	6
%	5	10	10	-	30
Аурудың өту ұзақтығы, күн	4-4,5	4-5	4-4,5	3-3,5	6-7
Емдеу тиімділігі, %	95	90	90	100	70
Аурудың қайталануы, бас	1	1	1	-	4
%	5	5	5	-	20
Орташа тәуліктік салмақ қосуы, гр.	365,2±12,3	359,8±12,5	359,7±12,2 <sup>x</sup>	412,5±13,3	339,8±13, 4 <sup>x</sup>
3 айда абсолюттік салмақ қосуы, кг.	39,5±1,6	38,7±1,9 <sup>x</sup>	39,8±1,7 <sup>xxx</sup>	44,6±1,8 <sup>xx</sup>	32,5±1,6 <sup>x</sup>
Ескерту: <sup>x</sup> p < 0,05; <sup>xx</sup> p < 0,01; <sup>xxx</sup> p < 0,001 – статистикалық шынайылық					

Бақылау тобында алынған көрсеткіштер бұзаулардың тәжірибелік топтарынан салыстырғанда едәуір төмен болатындығы анықталды, мұнда емдеу тиімділігі тек 70%-ды құрады және емдеу мерзімі 6-7 тәулікке дейін созылады. 4 бұзауда аурудың қайталануы байқалды, сонымен қатар орташа тәуліктік және тірі салмақтың абсолютті өсуі айтарлықтай төмен болды.

Қорытынды. Қазіргі заманғы мал шаруашылығының маңызды міндеті өміршенділігі жоғары бұзауларды алу және сақтау болып қала береді. Алайда, өнеркәсіптік мал шаруашылығында буаз сиырларды күтіп-бағу мен азықтандырудың қанағаттанарлықсыз зоогигиеналық және технологиялық әдістері, профилакторлық кезеңінде бұзауларды сапасыз өсіру, емдеу-алдын алу шараларының уақтылы жүргізілмеуі салдарынан резистенттілік төзімділігі төмен төлдер алынады. Асқазан-ішек ауруларының туындауы сондай-ақ жас төлдер ағзаның қорғаныс реакцияларының әлсіз дамуына да байланысты болады.

Осыған байланысты қазіргі уақытта асқазан-ішек жолдарының патологияларының, атап айтқанда, жас төлдердің диспепсиясының алдын-алу және емдеу үшін дәрі-дәрмектерді іздестіру қазіргі таңда өте өзекті мәселе болып табылады. Дәрілік өсімдіктерден алынған препараттар жеке-жеке де, кешенді түрде де профилакторлық кезеңде бұзау диспепсиясының пайда болуын болдырмау үшін айқын профилактикалық қасиетке әсерге ие болатындығы анықталды.

Зерттеулердің нәтижелері тұнбалар мен экстрактілерді қолданудың жоғары профилактикалық тиімділігін көрсетті, дегенімен салыстырмалы аспектіде экстрактілерді қолдану тиімдірек екенін атап өткен жөн. Осылайша, кешенді өсімдік экстрактісін қолданудан профилактикалық тиімділік мен сақталу көрсеткіші 100% құрады, ал салыстырмалы бақылау тобында көрсеткіштер сәйкесінше 80 және 65%-ды ғана құрады. Сондықтан дәрілік өсімдіктер жиынтығын (тікенекті шомырт жемістері, қайыңның жапырақтары, түймедақ гүлдері) дайындалған тұнбалар мен экстрактілерді профилактикалық кезеңде бұзаулардың асқазан-ішек ауруларының пайда болуын болдырмау үшін ұсынуға болады деп есептеуге болады.

Фитопрепараттарды қолдану сонымен қатар айқын емдік әсерге ие, бұл тәжірибелік топтардағы бұзаулардың аурудан жазылу мерзімінің айтарлықтай қысқаруымен және аурудың қайталануының аз көрініс табуымен ерекшеленеді. Жоғары емдік тиімділік кешенді өсімдік экстрактісін қолданудан алынды, мұнда тиімділік бақылау тобында 70% болса, ал тәжірибелік топта 100%-ды құрады, ал өсімдік тұнбасын қолданудан тиімділік 90-95% аралығында болды. Тәжірибелік топтың бұзауларының аурудан қалпына келу белгілері бұзаулардың бақылау тобымен қарағанда орта есеппен 3-3,5 тәулікке ертерек қалыптасты.

Демек, дәрілік өсімдіктерден дайындалған препараттарды кешенді қолдану, бір жағынан, бұзаулар ағзасының су-тұз метаболизмін тұрақтандырады, екінші жағынан, өсімдіктердің құрамындағы биологиялық белсенді ингредиенттер бұзау диспепсиясында айқын тұтқыр, қабынуға қарсы және иммуномодуляциялық әсерге ие деп тұжырымдауға болады.

Қолданылған фитопрепараттар айқын емдік-профилактикалық әсерімен қатар өсіп келе жатқан жас төлдердің ағзасына қуаттандырып әсер етеді, бұл тірі массаның орташа тәуліктік және абсолюттік салмақ қосуының айтарлықтай өсуімен дәлелденеді. Кешенді экстрактіні қолдану бақылау тобына қатысты орташа тәуліктік тірі салмақтың өсуін 21,4%–ға, ал абсолюттік өсуін 37,2% -ға арттырады. Демек, кешенді терапия түрінде өсімдік препараттарын қолдану диспепсиямен ауыратын бұзаулардың тез қалпына келуіне ықпал етеді, сонымен қатар оларды асқазан-ішек жолдарының ауруларының пайда болуын болдырмау үшін қолдану ұсынылады, бұл жас төлдердің жаппай асқазан-ішек инфекцияларынан сақталуын қамтамасыз етеді.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Королев, Б. Диспепсия новорождённых телят [Текст] / Б. Королев, В. Кузнецов // Главный зоотехник.- 2010.- №12.- С. 47.

2 Арбузова, А. А. Этиологические аспекты возникновения желудочно-кишечных заболеваний телят раннего постнатального периода [Текст] // Ученые записки Казанской государственной академии ветеринарной медицины им. Н. Э. Баумана.- 2010.- №200.- С. 11-18.

3 Aldana Camilo. Effect of a Probiotic Compound in Rumen Development, Diarrhea Incidence and Weight Gain in Young Holstein Calves [Text] // World Academy of Science. Engineering and Technology.- 2009.- 57.- P. 378-381.

4 Jatkauskas, J. Effects of a combined pre- and probiotics product on diarrhoea patterns and performance of early weaned calves [Text] / J. Jatkauskas, V. Vrotniakiene // Veterinarija ir zootechnika.- 2009.- Т. 48 (70).- P. 17-18.

5 Шахов, А. Г. Этиология и профилактика желудочно-кишечных и респираторных болезней телят и поросят [Текст] / А. Г. Шахов // Вет. патология.- 2003.- №2.- С. 25.

6 Мозжерин, В.И. Профилактика ранних постнатальных заболеваний и лечение новорожденных телят [Текст] / В.И.Мозжерин, Н.Г.Фенченко, В.Р.Хусаинов // Ветеринария, 2006. - №1. - С.48-49.

7 Kehoe, A. Survey of bovine colostrum composition and colostrum management practices on Pennsylvania dairy farms [Text] / J. Dairy Sci.- 2007.- Vol. 90.- P. 4108-4116.

8 Antoine, J. M. Probiotics: beneficial factors of the defence system [Text] / Proceedings of the Nutrition Society.- 2010.- №69.- P. 429-433.

9 Kunz, H. J. Tränkeplan - ad libitum in den ersten Wochen [Text] / H. J Kunz // Der fortschrittliche Landwirt.- 2012.- №17.- P. 50-52.

10 Мосолков А.Е. Диспепсия новорожденных телят: Этиопатогенез, диагностика, лечение [Текст]: дис... канд. вет. наук.- Барнаул, 2006.- 151 с.

11 Батраков, А.Я. Улучшение функций пищеварения у новорождённых телят природными средствами [Текст] / А.Я.Батраков, Н.Н.Кротов, В.К.Балюк [и др.]. // Вет.- 2010.- №1.- С. 40-42.

12 Мусаева, М. Н. Факторы, обуславливающие желудочно-кишечные заболевания новорождённых телят [Текст] / М. Н. Мусаева, Х. М. Гайдарбекова // Инновационному развитию АПК: мат. Всерос. науч.-прак. конф.- Ижевск, 2012.- С. 59-61.

13 Jouany, J.P. Use of 'natural' products as alternatives to antibiotic feed additives in ruminant production [Text] / J.P. Jouany, D.P. Morgavi // Animal.-2007.-1:10.- P. 1443.

14 Piccione, G. Monitoring of physiological and blood parameters during perinatal and neonatal period in calves [Text] / Piccione G. et al. // Arquivo Brasileiro de Medicina Veterinária e Zootecnia.- 2010.- Vol. 62, №1.- P. 1-12.

- 15 Арушанян, А.Я. Профилактика острых кишечных заболеваний новорожденных телят бактериальной этиологии с использованием метаболитных пребиотиков [Текст]: автореф. дис...канд. вет. наук. - Краснодар, 2013. - С. 22.
- 16 Утц, С.А. Колостральный иммунитет у новорожденных телят в норме и при диспепсии [Текст]: автореф. дисс... канд. вет. наук.- Барнаул, 2020.-15 с.
- 17 Сосорова, О.Д. Влияние настоев крапивы и коры дуба на течение острого катарального гастроэнтерита ангорских козлят [Текст]: автореф. дис...канд. вет. наук. - Улан-Удэ, 2006.-21 с.
- 18 Юрина, О.С. Тодикамп-бальзам при диспепсии телят [Текст] / О.С. Юрина, М.И. Сложенкина // Ветеринария, 2008. - №2. - С. 50-52.
- 19 Сайдаков, Е.Д. Оценка эффективности фитопрепаратов при расстройствах пищеварения у ягнят [Текст]: автореф. дис...канд. вет. наук. -Улан-Удэ, 2011.- 21 с.
- 20 Симонова, Н.В. Фитопрепараты в коррекции процессов перекисного окисления липидов биомембран, индуцированных ультрафиолетовым облучением [Текст]: автореф. дис...д-ра биол. наук.- Благовещенск – 2012. - 47 с.
- 21 Федоров, Ю.Е. Эффективность имаюггал при диареях новорожденных телят [Текст]: автореф. дис...канд. вет. наук.- Краснодар, 2014.-24 с.
- 22 Strus, M. In vitro antagonistic effect of Lactobacillus on organisms associated with bacterial vaginosis [Text] / M. Strus, M. Manilovska, P.B. Heczko // J. Reprod. Med, 2002. -P.41-46.
- 23 Pekcan, M. Estimation of passive immunity in newborn calves with routine clinical chemistry measurements [Text] / M. Pekcan, U. R. Fidanci, B. Yuceer, C. Ozbeyaz // Ankara Üniv Vet Fak Derg,- 2013.- P. 85-86.
- 24 Podhorsky, A. Metabolic disorders in dairy calves in postpartum period [Text] / A. Podhorsky et al // ActaVeterinaria Brno.- 2007.- Vol. 76, №. 8.- P. 45-53.
- 25 Roselli, M. Probiotics bacteria Bifidobacterium animalis MB 5 and Lactobacillus Rhamnosus GG protect intestinal Caco-2 cells from the inflammation-associated response induced by enterotoxigenic Escherichia coli K88 [Text] / M. Roselli, A. Finamore, M.S. Britti // British Journal of Nutrition.- 2006, June.- №95.- Iss. 6.- P. 1177-1184.
- 26 Zarcuła, S. Colostral immunity in newborn calf: methods for improvement of immunoglobulins absorption [Text] / S.Zarcuła, H.Cernescu, R.Кноп // Lucrări Stiințifice Medicină Veterinară- 2008.- Vol. 12.- Timisoara.- P. 195-196.
- 27 Жыльгелдиева, А.А., Қорабаев, Е.М., Байбереков, Н.С., Заманбеков, Н.А. ж.б. [Мәтін] Төлдердің ас қорыту жүйесі ауруларына қарсы фитопрепараттарды қолдану тиімділігі // «Ғылым және білім» Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан агротехникалық универ-нің ғылыми-практ. журналы, 1-бөлім, № 1-1 (74) 2024.-3-12 б.
- 28 Хабриев, Р. У. Руководство по экспериментальному (доклиническому) изучению новых фармакологических средств [Текст] / 2-е издание переработанное и дополненное // М.: ОАО Издательство «Медицина», 2005. – С. 832.
- 29 Заманбеков, Н.А., Кобдикова, Н.К., Кузембекова, Г.Б. Ветеринарная фармация. Учебное пособие [Текст] / под ред. Н.А. Заманбекова //, Алматы, 2020.-299 с.

## REFERENCES

- 1 Korolev, B. Dispepsiya novorozhdyonnyh telyat [Tekst] / B. Korolev, V. Kuznecov // Glavnyj zootekhnik.- 2010.- №12. -S. 47.
- 2 Arbuzova, A. A. Etiologicheskie aspekty vozniknoveniya zheludochno-kishechnyh zabolevanij telyat rannego postnatal'nogo perioda [Tekst] // Uchenye zapiski Kazanskoy gosudarstvennoj akademii veterinarnoj mediciny im. N. E. Bauman.- 2010.- №200.- S. 11-18.
- 3 Aldana Camilo. Effect of a Probiotic Compound in Rumen Development, Diarrhea Incidence and Weight Gain in Young Holstein Calves [Text] // World Academy of Science. Engineering and Technology.- 2009.- 57.- P. 378-381.
- 4 Jatkauskas, J. Effects of a combined pre- and probiotics product on diarrhoea patterns and performance of early weaned calves [Text] / J. Jatkauskas, V. Vrotniakienė // Veterinarija ir zootechnika.- 2009.- T. 48 (70).- P. 17-18.
- 5 SHahov, A. G. Etiologiya i profilaktika zheludochno-kishechnyh i respiratornyh boleznej telyat i porosyat [Tekst] / A. G. SHahov // Vet. patologiya.- 2003.- №2.- S. 25.
- 6 Mozzherin, V.I. Profilaktika rannih postnatal'nyh zabolevanij i lechenie novorozhdennyh telyat [Tekst] / V.I.Mozzherin, N.G.Fenchenko, V.R.Husainov // Veterinariya, 2006. - №1. - S.48-49.

- 7 Kehoe, A. Survey of bovine colostrum composition and colostrum management practices on Pennsylvania dairy farms [Text] / J. Dairy Sci.- 2007.- Vol. 90.- P. 4108-4116.
- 8 Antoine, J. M. Probiotics: beneficial factors of the defence system [Text] / Proceedings of the Nutrition Society.- 2010.- №69.- P. 429-433.
- 9 Kunz, H. J. Tränkeplan - ad libitum in den ersten Wochen [Text] / H.J. Kunz // Der fortschrittliche Landwirt.- 2012.- №17.- P. 50-52.
- 10 Mosolkov A.E. Dispepsiya novorozhdennyh telyat: Etiopatogenez, diagnostika, lechenie [Tekst]: dis... kand. vet. nauk.- Barnaul, 2006.- 151 s.
- 11 Batrakov, A.YA. Uluchshenie funkciy pishchevareniya u novorozhdnyonnyh telyat prirodnyimi sredstvami [Tekst] / A.YA.Batrakov, N.N.Krotov, V.K.Balyuk [i dr.]. // Vet.- 2010.- №1.- S. 40-42.
- 12 Musaeva, M. N. Faktory, obuslavlivayushchie zheludochno-kishechnye zabolevaniya novorozhdnyonnyh telyat [Tekst] / M. N. Musaeva, H. M. Gajdarbekova // Innovacionnomu razvitiyu APK i agrarnomu obrazovaniyu-nauchnoe obespechenie: materialy Vseros. nauch.-praktich. konf.- Izhevsk, 2012.- S. 59-61.
- 13 Jouany, J.P. Use of 'natural' products as alternatives to antibiotic feed additives in ruminant production [Text] / J.P. Jouany, D.P. Morgavi // Animal.-2007.-1:10.- P. 1443.
- 14 Piccione, G. Monitoring of physiological and blood parameters during perinatal and neonatal period in calves [Text] / Piccione G. et al. // Arquivo Brasileiro de Medicina Veterinária e Zootecnia.- 2010.- Vol. 62, №.1.- P. 1-12.
- 15 Arushanyan, A.YA. Profilaktika ostryh kishechnykh zabolevanij novorozhdennyh telyat bakterial'noj etiologii s ispol'zovaniem metabolitnykh prebiotikov [Tekst]: avtoref. dis...kand. vet. nauk. - Krasnodar, 2013. - S. 22.
- 16 Utc, S.A. Kolostral'nyj immunitet u novorozhdennyh telyat v norme i pri dispepsii [Tekst]: avtoref. diss... kand. vet. nauk.- Barnaul, 2020.-15 s.
- 17 Sosorova, O.D. Vliyanie nastoev krapivy i kory duba na techenie ostrogo kataral'nogo gastroenterita angorskih kozlyat [Tekst]: avtoref. dis...kand. vet. nauk. - Ulan-Ude, 2006.-21 s.
- 18 YUrina, O.S. Todikamp-bal'zam pri dispepsii telyat [Tekst] / O.S. YUrina, M.I. Slozhenkina // Veterinariya, 2008. - №2. - S. 50-52.
- 19 Sajdakov, E.D. Ocenka effektivnosti fitopreparatov pri rasstrojstvakh pishchevareniya u yagnyat [Tekst]: avtoref. dis...kand. vet. nauk. -Ulan-Ude, 2011.- 21 s.
- 20 Simonova, N.V. Fitopreparaty v korrekcii processov perekisnogo okisleniya lipidov biomembran, inducirovannykh ul'trafioletovym oblucheniem [Tekst]: avtoref. dis...d-ra biol. nauk.- Blagoveshchensk – 2012. - 47 s.
- 21 Fedorov, YU.E. Effektivnost' imayutgal pri diareyah novorozhdennyh telyat [Tekst]: avtoref. dis...kand. vet. nauk.- Krasnodar, 2014.-24 s.
- 22 Strus, M. In vitro antagonistic effect of Lactobacillus on organisms associated wi bacterial vaginosis [Text] / M. Strus, M. Manilovska, P.B. Heczko // J. Reprod. Med, 2002. -P.41-46.
- 23 Pekcan, M. Estimation of passive immunity in newborn calves with routine clinical chemistry measurements [Text] / M. Pekcan, U. R. Fidanci, B. Yuceer, C. Ozbeyaz // Ankara Üniv Vet Fak Derg,- 2013.- P. 85-86.
- 24 Podhorsky, A. Metabolic disorders in dairy calves in postpartum period [Text] / A. Podhorsky et al // ActaVeterinaria Brno.- 2007.- Vol. 76, №. 8.- P. 45-53.
- 25 Roselli, M. Probiotics bacteria Bifidobacterium animalis MB 5 and Lactobacillus Rhamnosus GG protect intestinal Caco-2 cells from the inflammation-associated response induced by enterotoxigenic Escherichia coli K88 [Text] / M. Roselli, A. Finamore, M.S. Britti // British Journal of Nutrition.- 2006, June.- №95.- Iss. 6.- P. 1177-1184.
- 26 Zarcuła, S. Colostral immunity in newborn calf: methods for improvement of immunoglobulins absorption [Text] / S.Zarcuła, H.Cernescu, R.Knop // Lucrări Stiinlifice Medicină Veterinară- 2008.- Vol. 12.- Timisoara.- P. 195-196.
- 27 ZHyl'geldieva, A.A., Қорбаев, E.M., Bajberekov, N.S., Zamanbekov, N.A. zh.b. [Mətin] Təldərdiң as қorytu zhıjesi auralaryna қarsy fitopreparattardy қoldanu tiimdiligi // «Fylym zhəne bilim» ZHəngir han atyndary Batys Qazaqstan agrotekhnikalық univer-niң rylymi-prakt. zhurnaly, 1-bolim, № 1-1 (74) 2024.-3-12 b.
- 28 Habriev, R. U. Rukovodstvo po eksperimental'nomu (doklinicheskomu) izucheniyu novykh farmakologicheskikh sredstv [Tekst] / 2-e izdanie pererabotannoe i dopolnennoe // M.: OAO Izdatel'stvo «Medicina», 2005. – S. 832.

### РЕЗЮМЕ

Диспепсия заболевание, возникающее под действием различных факторов. Как известно, диспепсия новорожденных телят наносит хозяйствам значительные убытки. Высокий уровень смертности новорожденных, снижение роста и развития у переболевших, их ранняя выбраковка, затраты на ветеринарные мероприятия снижают рентабельность молочного скотоводства.

К сожалению, применяемые в ветеринарной практике традиционные методы лечения диспепсии молодняка не всегда дают желаемый лечебный эффект. Ко многим антибактериальным препаратам проявляется устойчивость патогенных штаммов микроорганизмов или же обладают побочными действиями на организм молодняка. В этой связи в настоящее время во всем мире все большее внимание уделяется применению препаратов растительного происхождения. Поэтому основной целью настоящей работы явилось использование фитопрепаратов для лечения и профилактики диспепсии у телят.

Полученные результаты исследований свидетельствуют о высокой лечебно-профилактической эффективности изготовленных фитопрепаратов. Профилактическая эффективность и сохранность телят от применения комплексного растительного экстракта составила 100%, тогда как в аналогичной контрольной группе - лишь 65%. Также получена высокая лечебная эффективность от применения комплексного растительного экстракта, где эффективность составила 100% против 70% показателя контрольной группы.

Фитопрепараты наряду выраженным лечебно-профилактическим эффектом, также оказывают стимулирующее действие на организм растущего молодняка, о чем свидетельствуют значительное повышение среднесуточного и абсолютного прироста живой массы. Применение комплексного экстракта повышает прирост живой массы относительно контрольной группы на 21,4%, а по абсолютный – на 37,2%.